

Откен аптада облыстык Кор-көмсурет галереясында ҚР Суретшілер одағының мүшесі Жайлаубай Байсаловтың «Боранды бекет» атты жеке көрмесі ашылды. Боранды бекет – суретшінің туған ауылы. Боранды бекетте болмасак та, «Боранды бекетке» барып көрдік. Сезім басқаша. Алғашқысына да барып көргендей әсер алдым. Картиналарды кезек-кезегімен бірнеше мәрте тамашалап оттім. 60-тан аса шығармасы қойылыпты.



Пейзаж, натюрморт, автопортрет, т.б. жанрда салынған картиналары ілулі түр. Олшемдері мен атаулары өзгеше демесеніз, бірі-бірінен асады. Жалпы, көрмедегі суреттердің түсі ерекше назар аудартты. Музыкада-ғы дыбыстар секілді бұл түстердің де адамның көңіл күйіне ерекше әсер ететіні анық. Сондықтан болар-, суретші Сыр бойына тән қоныр түсті қолданса, қызылды-жа-сылды түстерге де шығармаларынан орын берген. «Әрине солай, 60 картинада қандай түс болмайды?» дейтін боларсыз. Байқағанымыз, ашық түстер көзге көбірек ұшырасады. Ал, бұл суретшінің көңіл күйіне тікелей байланысты. Мүны ғылым да дәлелдеген көрінеді.

Көрменің ашылу салтанатына суретшінің өнер әлеміндегі әріп-тестерімен қатар, сонынан еріп, ізін жалғ-аған жас қылқалам шеберлері де қатысты. Әрине, бұл өз кезегінде

шығармашыл жастардың жігерін жанып, талабын үштай түсетін тағылым-ды шара.

Кормеде алғаш болып соз кезе-гін алған Қазақстан Суретшілер одағы Қызылорда облыстық филиалының торағасы, мүсінші, суретші Аманкелді Кененбаев Жайлаубай Байсаловты асқаралы 60 жасымен күттықтап, филиал атынан алғыс хат табыстап, құрмет көрсетті.

- Бүгін біз үшін үлкен мереке! Облысымызда 32 ҚР Суретшілер одағының мүшесі болса, соның ішінде өзіндік орны бар, қаламының қуаты бар, қолтанбасы бар суретшіміз – Жайлаубай Байсалов дер едім. Сіздерге бүгін суретшіміз өзінің ойын, түсінігін, пікірін қар-ти-налары арқылы жолдайды. Жайлаубайдың табиғатына үніліп көрініздер. Картиналарынан көп нәрсе алуға болады деп ойлаймын,- деді ол.

Көрмені тамашалауға келген өнерсүйер қала тұрғыны Ерке-бұлған Әбсаматқа «Кормеге келдің, не қордың?» деген сауалды қойып қорған едік. Оның жауабы мынадай болды.

- Көрмеге келдім. Бұрын өзім аралап көрген жерлерді суреттен тамашалап, суретшінің оны өте шебер жеткізгенін білдім, сезіне алдым. Сурет өлі табиғат болғанымен, салынған бейнелер тірі секілді көрінді. Әлгінде айтқанымдай, өзімнің көзбе-көз көріп, табиғатына тамсанған жерлерді картинадан тамашалау өте бір қызықты дүние екен, - деді.

Өнер адамдарына қолдау керек. Бұл бүгін ғана қозғалып жатқан тақырып емес. Кейбір адамдарды кейбіреулер үшін түкке тұрғысыз болуы мүмкін нәрсенің өзінде болмауы қатты қажытады, талантын түсаулайды. Әрине, бұл біздің кейіпкерімізге қатысты айтылып жатқан жоқ. Десе де, мұндай жайттың біздің елде жоқ екеніне ешкім кепілдік бере алмайды. Сондықтан, орайы келгенде суретшіден осы жайында сұрап қалдық.

- Суретшілерді қолдау жағы дұрыс болмай тұр. Бояуды да, кенеп-ті де өздері сатып алады. Көрмені өткізудің өзі – мәселе. Көрме – халқымыздың рухани дүниесі. Ол әр адамға керек, ол бар адамға керек. Тек оның керек екенін сезінбейтіндер көп бізде. Десе де, қандай қиыншылық болса да, бағыты бар, мақсаты бар адам барлығын жеңіп шығады ғой. Сол секілді, шынайы еңбек еткендер шынға оңай шығатын болады. Бұл – өнерге деген сүйіспеншілігіміз. Үкімет тарапынан жәрдем бола ма, болмай ма, оған біз қарай бермейміз. Бірақ, қолдау қай кезде де қажет, - деді суретші Ж.Байсалов.

Рас, когам кабылдай алмайтын жайттар бізде де бар. Сурау сала-йык. «Кунды картиналар біздің елде жок па?». Намыстандыңыз ба, сойте тура ішінізден «неге жок болсын, бар гой, бізде онерді дұрыс бағаламайды» дедініз бе? Кашан Казакстан жаналыктарында «Пә-ленше Түгеншеевтің мынанша миллионга баланган картинасы үрланды» деген хабарды кашан корсетеді екен? Біліп тұрмын, мұны да кабылдай алмадыңыз...

Рыскелді ЖАХМАН